



## «ТАЗА СЕССИЯ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Сессияның сапалы өтуі үшін колледж әкімшілігі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлейді және жүзеге асырады, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» бұйрық шығарады.
2. Колледж директорының бұйрығымен «Таза сессия» акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі штаб құрылады және бекітіледі.
3. Колледж әкімшілігінің, қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің, азаматтық және ата-аналар қауымдастырының өкілдерінің, өзін-өзі басқару белсенділерінің қатысуы мақсатында емтихандар кестесі бекітіледі.
4. Тұрақты түрде «Сенім телефоны» жұмыс жасайды, сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында кез-келген ақпарат қарастырылады.
5. Студенттердің оку жетістіктерін бақылау нәтижелеріне үшінші тұлғалардың қол жетімділігін шектейтін электрондық құжат айналымы жүйесі сақталады.
6. Мұдделі тараптардың қатысуымен топтарда сессияны ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша кездесулер өткізіледі.
7. Емтихан сессиясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №125 бұйрығымен бекітілген «Оку орындарындағы студенттердің үлгірімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды аттестаттаудың типтік ережелері» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 19.01.2012 ж. бекітілген «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша студенттерді ауыстыру және қалпына келтіру ережелері туралы» №110 қаулысына сәйкес өткізіледі.
8. Колледж директоры академиялық күнтізбеге сәйкес тиісті оку жылында аралық және қорытынды аттестаттауға арналған оку процесінің кестесін бекітеді.
9. Жоғарыда аталған құжаттарды орындау, барлық білім беру технологияларының тиімділігін, объективтілігі мен сапасын арттыру үшін білімді аралық бақылау, негізінен жазбаша емтихан түрінде өткізу көзделеді.
10. Емтихан сессиясына дайындақ және оны өткізу кезінде аралық бақылау нәтижелері бойынша күндізгі және сырттай білім студенттерінің дайындық дәрежесі, колледж бойынша үлгерім, үлгермеуші студенттер саны, емтиханға жіберілмеген және емтиханға келмеген студенттер анықталады.
11. Сессия нәтижелері бойынша емтихандарды тек қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз бағалар үшін тапсырған және шәкіртақы алу үшін белгіленген деңгейге жете алмаған күндізгі және сырттай оку нысандарының студенттері туралы мәліметтер талдау жасау мақсатында оку бөлімінде жинақталады.
12. Емтихан сессиясына дәлелді себептермен келмеген студенттер үшін тапсыру мерзімі оку бөлімінің келісімі бойынша ұзартылады.
13. Сессия нәтижелері бойынша емтихан кезінде анықталған кемшіліктерді талдайтын «Тиісті оку жылының ағымдағы сессиясының нәтижелері туралы» және «Сырттай оқитын студенттердің ағымдағы емтихан сессиясының нәтижелері туралы» бұйрықтар шыгарылып, оларды болдырмау іс-шаралары белгіленеді.
14. Сессияларға қойылатын негізгі талаптар:
  - 14.1. «Тиісті оку жылында оку процесін ұйымдастыру, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы» бұйрықта көрсетілген емтихандарды өткізу технологиясын сақтау.

- 14.2.Студенттердің жазбаша жұмысы мен жауап параптары сынақ кітапшасының номеріне сәйкес шифрлануы керек.
- 14.3.Сынақ билеттері нөмірленіп, жауап параптарына мөр басылып, қол қойылуы керек.
- 14.4. Оқу белімі «Білім беру процесін ұйымдастыру, тиісті оқу жылында аралық және қорытынды аттестаттауды еткізу тәртібі туралы» бүйрекқа Білім және ғылым министрлігінің соңғы ережелеріне сәйкес модульдік білім беру бағдарламалары бойынша езгерістер енгізеді.
- 15.ПЦК-нің төрағалары «Студенттердің білімін бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және сýбайлас жемқорлықтың алдын- алу шаралары туралы» мәселе бойынша колледж директорының бүйректарын талқылау мақсатында комиссия отырыстарын еткізеді және директорға хаттамадан үзінді ұсынады.
- 16.Жекелеген пәндерден ұлгірмеушілер туралы мәлімет жазбаша ұлгіде дайындалады, ата-аналарға таныстырылады, сөйтіп, оқу бөліміне ұсынылады.
- 17.ПЦК төрағалары емтихан материалдарының пән бойынша өнделуін қамтамасыз етеді және ағымдағы оқу жылының тиісті семестрінде оқу процесін ұйымдастыру және келесі емтихан сессиясына дайындық жөніндегі комиссия отырыстарында бекітеді.
- 18.Оқу бөлімі мен ПЦК қосымша және қайталама оқу, сабакқа қатысу және академиялық қарызы бар студенттерге бақылау тапсырмаларын орындау пәндері бойынша консультация беруге жауапты.